# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# ШЕШІМ

2025 жылғы 11 қараша №7119-25-00-2/10816 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ч.Абенова,
хатшылықта Ү.Абдрасіл болып,
ашық сот отырысында келесі арыз бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Астана қаласы әкімдігінің «Азаматтық қорғанысты қамтамасыз ту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «Батыр» атынан - Бауыржан Калыбаевич Ермеккалиев

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:**
Талапкердің өкілі: Қ.К.Тлеулин
Жауапкердің өкілдері: Д.А.Амирханов

**СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

2025 жылдың 18 тамызында Астана қаласы әкімдігінің «Азаматтық қорғанысты қамтамасыз ету орталығы» КММ (бұдан әрі - Мекеме) және «Батыр» ЖК (бұдан әрі - Жауапкер) арасында № 170/005 Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалып, оған сәйкес Жауапкер өзіне 005-015-159 ерекшелігі бойынша бюджеттік бағдарламасы - жұмылдыру дайындығы және республикалық маңызы бар қаланы астананы жұмылдыру, 015 - кіші бағдарламасы бойынша - жергілікті бюджет қаражаты есебінен, 159 - басқа қызметтерге ақы төлеу) лоттар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген жұмыстарды орындау бойынша бейнебақылау жүйесін жеткізуге және орнату туралы Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, яғни 2025 жылғы 02 қыркүйек дейінгі мерзімге міндеттемелерді қабылдады.

Шарттың жалпы сомасы 2 200 000 (екі миллион екі жүз мың) теңгені құрады.

Документ подписан: Абенова А. Ч., 11.11.2025
Дата вступления в законную силу: 12.12.2025, судья Абенова А. Ч., 22.12.2025
7119-25-3-1/10789

2025 жылдың 20 тамызында Жауапкер техникалық сипаттамаға сәйкес келмейтін тауарларды ұсынды, яғни:

- сыртқы IP камераның жарық сезімталдығы 0.0001, люкс және линза сәйкес келмейді. Өкілдің немесе өндірушінің ресми сайтында сипаттама жоқ;

- ішкі камера - өкілдің немесе өндірушінің ресми сайтында сипаттама жоқ, 5.0 MP ажыратымдылығы және жарық сезімталдығы 0.0001 сонымен қатар люкс және линза сәйкес келмейді;

- 10 ТБ қатты дискінің көлемі сәйкес келмейді; - желілік DVR - өкілдің немесе өндірушінің ресми сайтында сипаттама жоқ, VGA бейне шығысы жоқ;

- коммутатор - өкілдің немесе өндірушінің ресми сайтында сипаттама жоқ, SFP порттары 2 дана жоқ; - техникалық ерекшелікке сәйкес Cat5e санатындағы UTP кабелі Cat6e-ден кем болмауы тиіс, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге растайтын құжаттар (сәйкестік сертификаттары, кедендік декларациялар, тауар-ілеспе құжаттар) жоқ.

Аталған ескертулер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының талаптарын, соның ішінде Кеден кодексінің және «техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын бұзады.

2025 жылдың 03 қыркүйегінде Мекеме шығ. № 04-19/235 Жауапкерге сотқа дейінгі шағым жолдады, бірақ жауап қайтарылған жоқ.

Алайда, осы уақытқа дейін жауапкер Шарттың талаптарын толық орындамаған, жұмыстар толық көлемінде орындалмаған.

2025 жылдың 15 қыркүйегінде шарт біржақпен бұзылды.

Осыған орай, талап қоюшы сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен жүгінді.

Жауапкер талаппен келіспейтіндігін көрсетіп, сотқа қарсылық ұсынды.

Жауапта көрсетілгендей, тауар негізсіз қабылданбаған.

Атап айтқанда, бейнежүйелердің маркасы Хиквизион болуын айтып, оның түпнұсқасы болу керек деді. Алайда техникалықсипаттамада ешқандай атау жазылмаған. Сонымен бірге, мемлекеттік сатып алу туралы заңында жүйенің атауын, маркасын немесе шыққан елін көрсетуге тыйым салынған.

Бірақ осының бәріне қарамастан, талапкер заң нормаларын өрескел бұзып, жауапкердің құқықтарын бұзып, жұмыс істетуге кедергі келтірген.

Талапкер жүйені ауыстырмайынша жұмыс бастатуға қарсы болған.

Сол себепті мен портал арқылы талапкерге хат жолдап, бейнежазбаның орнату орны қаладан 45 шақырым жерде екені көрсетілмегенін және бренд тауар болу керек деген заңда және техникалық сипаттамада жоқ екенін айттым.

Сонымен қатар, талапкердің мемлекеттік сатып алу туралы маманы және заңгері телефон және WhatsApp арқылы жұмыс бастауға барлық тауар дайын екеніу айтты.

Алайда, маған жұмыс істеуге талапкер қарсылық білдірді.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілдері талаппен келіспейтіндігін айтып, қарсы пікірдегі уәждерді қолдады.

Сот, іс материалдарын зерттеп, тараптардың өкілдерін тыңдап, мынадай түйінге келеді.

Документ подписан: Абенова А. Ч., 11.11.2025
Дата вступления в законную силу: 12.12.2025, судья Абенова А. Ч., 22.12.2025
7119-25-3-1/10789

**УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына сәйкес, міндеттеме тиісті түрде, заң талаптарына және шарт жағдайларына сәйкес орындалуы тиіс, ал ондай талаптар болмаған жағдайда іскерлік айналым дағдыларына сәйкес орындалуы қажет.

Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабының 4 тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: 1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің; 2) жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің; 3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің; 4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» Жоғарғы Соттың №4 нормативтік қаулысының 8 және 9-тармақтарына сәйкес Мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

АПК-нің 65-бабының 3-бөлігіне сәйкес заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен расталуға тиіс істің мән-жайлары басқа ешқандай дәлелдемелермен расталуы мүмкін емес.

Сот отырысында 2025 жылдың 20 тамызында ұсынылған тауарлар техникалық сипаттамаға сәйкес келмейтін анықталды.

Документ подписан: Абенова А. Ч., 11.11.2025
Дата вступления в законную силу: 12.12.2025, судья Абенова А. Ч., 22.12.2025
7119-25-3-1/10789

Осе мәселене болынша, 2025 жылдың 03 қыркүйегінде Жауапкерге сотқа дейінгі шағым жолдады.

Хатта төмендегідей сәйкессіздіктердің бар екені көрсетілген:

- сыртқы IP камераның жарық сезімталдығы 0.0001, люкс және линза сәйкес келмейді. Өкілдің немесе өндірушінің ресми сайтында сипаттама жоқ;

- ішкі камера - өкілдің немесе өндірушінің ресми сайтында сипаттама жоқ, 5.0 MP ажыратымдылығы және жарық сезімталдығы 0.0001 сонымен қатар люкс және линза сәйкес келмейді;

- 10 ТБ қатты дискінің көлемі сәйкес келмейді; - желілік DVR - өкілдің немесе өндірушінің ресми сайтында сипаттама жоқ, VGA бейне шығысы жоқ;

- коммутатор - өкілдің немесе өндірушінің ресми сайтында сипаттама жоқ, SFP порттары 2 дана жоқ; - техникалық ерекшелікке сәйкес Cat5e санатындағы UTP кабелі Cat6e-ден кем болмауы тиіс, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге растайтын құжаттар (сәйкестік сертификаттары, кедендік декларациялар, тауар-ілеспе құжаттар) жоқ.

жауапкердің өтініші Қағиданың 212-тармағының 1-тармақшасы негізінде, әлеуетті өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарынынң болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі, атап айтқанда, әлеуетті өнім берушінің «Инженер по охране труда и безопасности - 1» және «Электрогазосварщик - 1» (Елтай Әбілхайыр Амантайұлы) бар екендігін растамғаны анықталды. Конкурстық құжаттама бойынша біліктілік талаптарының екі тармағына бір қызметкерді ұсынуға рұқсат бермейді, 9 қызметкер қажет, әлеуеттік өнім беруші 8 қызметкерді ұсынды (конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасына сәйкес).

Міндеттемелер орныдалмаған нәтижесінде, талап қоюшы шартты біржақты тәртіппен бұзды. Жауапкер шарттың бұзылуына қарсы шағым келтірмеген, бұл оның бұзуға келісімін білдіреді.

Жауапкер өкілінің «міндеттемелер жауапкердің кінәсінен орындалмаған» деген уәжі назарға алынбайды. Жауапкер тауарды жеткізу жөніндегі міндеттемелерді қабылдаған, алайда мәлімделген техникалық сипаттамаға сәйкес тауар тиісті түрде жеткізілмеген.

АК 293-бабына сәйкес Борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 8.3 тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімдері кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіден міндеттемелерді толық орындамаған жағдайда шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) ұстайды (өндіріп алады) не өнім беруші міндеттемелерді толық орындамаған жағдайда, шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) ұстайды (өндіріп алады) міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда Мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелердің сомалары. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 15% - нан аспауға тиіс.

Документ подписан: Абенова А. Ч., 11.11.2025
Дата вступления в законную силу: 12.12.2025, судья Абенова А. Ч., 22.12.2025
7119-25-3-1/10789

Шарттың 8.5. тармағына сәйкес - Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

Талап қоюшы мерзімі өткен әр күн үшін 15 400 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы талап етілді.

Шартты орындай мерзімі 2025 жалғы 09 қыркүйекке дейін, жұмыстар ағымдағы күнге дейін, яғни 2025 жыл,ы 09 қыркүйек күніне дейін атқарлымаған, тиісінше тұрақсыздық айыбын есептей кезінде 2025 жылғы 03-09 қыркүйек дейінгі кезеңді, атап айтқанда 7 күн есептелген.

Шарртың сомасы 2 200 000 теңге, 0,1% -2 200 теңге құрайды. 7 күн ішінде тұрақсыздық айыбы - 15 200 теңге құрайды.

Аталған есеп сотпен тексеріліп, дұрыс деп танылған, осыған байланысты бұл талаптар қанағаттандыруға жатады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Азаматтық қорғанысты қамтамасыз ту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Батыр» Бауыржан Калыбаевич Ермеккалиевке мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюуын - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Батыр» атынан - Бауыржан Калыбаевич Ермеккалиев мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Батыр» атынан - Бауыржан Калыбаевич Ермеккалиевтен мемлекет пайдасына 15 400 (он бес мың төрт жүз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 2 428 (екі мың төрт жүз жиырма сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Соттың шешіміне, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотына шағым беруге немесе прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге болады.

**Судья** **А.Абенова**

Документ подписан: Абенова А. Ч., 11.11.2025
Дата вступления в законную силу: 12.12.2025, судья Абенова А. Ч., 22.12.2025
7119-25-3-1/10789